ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
М.О.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ
ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

ІРГЕЛІ ҒЫЛЫМДЫ ТУ ЕТКЕН ҒАЛЫМ

Филология ғылымдарының докторы, профессор Шәкір Ибраевтың 75 жасқа толуына арналған мақалалар жинағы

Алматы
2025

УДК
ББК

BR27101897 «Қазақстан әдебиеттануы, фольклортануы және өнертануы экожүйесінің цифрлық трансформациясы: пәнаралық зерттеулер» нысаналы ғылыми-зерттеу бағдарламасының жетекшісі:
Матыжанов К.І., ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы

Редакциялық алқа: К.І. Матыжанов (төраға), А.Қ. Қалиева (төрағаның орынбасары), П. Әуесбаева (жауапты редактор), Ж. Рақыш, Т. Әкімова, А. Ақан, Ж. Салтақова (жауапты шығарушы), Н. Мүрсәлімова, Н. Елесбай, А.Оралбек, Н. Сәрсек

Іргелі ғылымды ту еткен ғалым. Филология ғылымдарының докторы, профессор Ш.Ибраев туралы мақалалар жинағы. – Алматы: Evo Press, 2025. 232 б.

Кітапқа көрнекті фольклортанушы, түркітанушы, абайтанушы, филология ғылымдарының докторы, профессор Шәкір Ибраев туралы замандас, әріптес достары мен белгілі әдебиеттанушылардың, шәкірттерінің ғалымның өмірі мен ғылыми шығармашылығына қатысты ғылыми мақалалары топтастырылған.

Жинақ ғылыми қауымға, жоғары оқу орындары филология факультетінің оқытушылары мен студенттеріне арналған.

УДК
ББК
ISBN

© М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, 2025

К.С. Матыжанов,
М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Бас директоры,
ҚР ҰҒА академигі,
филология ғылымының докторы

ЗЕРДЕЛІ ЗЕРТТЕУШІ, ҒИБРАТТЫ ҒАЛЫМ, ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ

Қазақ фольклортану ғылымының Ш. Уәлиханов, А. Байтұрсынұлы, М.О. Әуезов, Ә. Марғұлан, Ә. Қоңыратбаев, Е. Ысмайылов, М. Ғабдуллиндермен басталған ғасырлық көшін өткен ғасырдың алпысыншы жылдарының соңында С. Қасқабасов, Е. Тұрсынов сияқты көрнекті ғалымдар жаңа белеске көтерді. Халық шығармашылығын зерделеудің еуропалық академиялық мектебін алып келген осы өнегелі дәстүрді ғылымға жетпісінші жылдардың ортасында келген жас ғалымдар легі сәтті жалғастырды. Солардың ішінде терең білімбілігімен танылып, тың ізденістерімен көзге түскен екі есімді ерекше атаған жөн болар еді. Олар – Болатжан Абылқасымов пен Шәкір Ибраев болатын. Екеуі де университетті үздік бітіріп, Мәскеуде аспирантура тауысып, Ресейдің әйгілі ғалымдарының